

## Мүгедектер үшін жұмыс орындарына квота белгілеу туралы

### *Күшін жойған*

Шығыс Қазақстан облысы Курчатов қаласының әкімдігінің 2020 жылғы 24 желтоқсандағы № 452 қаулысы. Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 25 желтоқсанда № 8041 болып тіркелді. Күші жойылды - Абай облысы Курчатов қаласының әкімдігінің 03.02.2023 № 210.

**Ескерту. Күші жойылды - Абай облысы Курчатов қаласының әкімдігінің 03.02.2023 № 210 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 13 сәуірдегі "Қазақстан Республикасында мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы" Заңының 31-бабының 1) тармақшасына, Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 06 сәуірдегі " Халықты жұмыспен қамту туралы" Заңының 9-бабының 6) тармақшасына, Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 06 сәуірдегі "Құқықтық актілер туралы " Заңының 27-бабына, Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2016 жылғы 13 маусымдағы № 498 "Мүгедектерге арналған жұмыс орындарын квоталау қағидаларын бекіту туралы" бұйрығына ( нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 14010 нөмерімен тіркелген) сәйкес, Курчатов қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Ауыр жұмыстарды, еңбек жағдайлары зиянды, қауіпті жұмыс орындарын есептемегенде, мүгедектерді жұмысқа орналастыру үшін жұмыскерлердің тізімдік саны көрсетілген Курчатов қаласы ұйымдарына:

елуден жүз адамға дейін - жұмыскерлердің тізімдік санының екі пайызы мөлшерінде;

жүз бір адамнан екі жүз елу адамға дейін - жұмыскерлердің тізімдік санының үш пайызы мөлшерінде;

екі жүз елу бірден артық адам - жұмыскерлердің тізімдік саны төрт пайызы мөлшерінде мүгедектер үшін жұмыс орындарының квотасы белгіленсін.

2. "Шығыс Қазақстан облысы Курчатов қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен бекітілген тәртіпте:

1) осы қаулының Шығыс Қазақстан облысының әділет департаментінде мемлекеттік тіркелуін қамтамасыз етсін;

2) осы қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін Курчатов қаласының аумағында таратылатын мерзімді баспа басылымдарына ресми жариялауға жіберілсін;

3) осы қаулы ресми жарияланғаннан кейін Курчатов қаласы әкімдігінің интернет-желісінде орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Курчатов қаласы әкімдігінің 2017 жылғы 15 мамырдағы № 180 " Мүгедектерге арналған жұмыс орындарының квотасы туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 2017 жылғы 16 маусымдағы 5082 нөмірімен тіркелген, Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде электрондық түрде 2017 жылғы 3 шілдеде, 2017 жылғы 29 маусымда № 26 (1141) "7 дней" газетінде жарияланған) қаулысының күші жойылды деп танылсын.

4. Осы қаулының орындалуына бақылау жасау қала әкімінің орынбасары Н. Т . Қошқарбаевқа жүктелсін.

5. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Әкім*

*Д. Улмесеков*